



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№41/171
11 қазан



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Жиынға қатысушыларға ілтипат білдірген Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытып, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған тәжік тарапы мен Президент Эмомали Рахмонға алғыс айтты.

– Тәжікстанның табысты төрағалығы Ұйымның әлеуетін нығайтуға, көпжоспарлы ынтымақтастығымызды тереңдетуге үлкен үлес қосты. Бұл саммит Қазақстанда халықаралық беделді ұйым саналатын ТМД жұмысына үлкен серпін береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аталып өтіп жатқанын еске салды.

– Барлық мемлекеттің дамуына жол ашатын жалпыадамзаттық құндылықтарды ауыр жағдайда қорғаған әкелеріміз бен аналарымыздың, жеңімпаз ұрпақтың өшпес ерлігін қазақстандықтар қастер тұтады. ТМД аумағында, соның ішінде Қазақстанда айтулы мерейтой лайықты деңгейде аталып өтті. Мерекелік іс-шаралардың шырқау шегі Мәскеу мен Бейжіңде өткен ауқымды әрі мазмұнды салтанатты шерулер болды. Адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстың қаһармандары мен барша қатысушысын жадымызда мәңгі сақтау – моральдық парызымыз. Фашизмді жермен-жексен еткен Ұлы Жеңіске 80 жыл толса да, өкінішке қарай, әлем салдары ауыр тиетін жаһандық қақтығыс қаупімен тағы да бетпе-бет келіп отыр. Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи шындығын бұрмалауға, фашизмді тойтарған Ұлы Жеңістің тарихи маңызын төмендетуге қатысты әрекеттерге қарсы. Халықаралық құқықтың іргесі сөгіле бастағанын, қақтығысқан мемлекеттер арасындағы сенім деңгейі әбден төмендегенін, көзқарастар қайшылығы күшейе түскенін, көпжақты дипломатияның дағдарысқа ұшырағанын, Біріккен Ұлттар Ұйымының

бітімгерлік әлеуеті әлсірегенін алаңдаушылықпен қабылдаймыз. Осындай геосаяси дүрбелеңдер жағдайында барлық қақтығыс факторын жою үшін ТМД елдері мен барша жақтастарымыздың күш біріктіруі өте өзекті. Мұны өзара түсіністік пен жан-жақты ойластырылған іс-қимыл арқылы шешуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ТМД жаңа тарихи жағдайда мемлекеттер арасындағы сенімді арттырудың халықаралық тетігі ретінде сұранысқа ие құрылым екенін дәлелдеді.

Достастықтың 35 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысы елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға және Ұйым қызметін ілгерілетуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру негізгі басымдықтардың бірі болып қалуға тиіс екенін айтты.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша ТМД елдері сауда айналымының жалпы көлемі 8 пайыз ұлғайып, 110 миллиард долларға жетті. Сонымен қатар, соңғы бес жылда Қазақстанның Достастық мемлекеттерімен алыс-берісі бір жарым есе өсіп, 38 миллиард долларды құрады. Бұл көрсеткіш Ұйымның сауда-экономикалық әлеуетін танытады және әлі де мүмкіндіктердің бар екенін байқатады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға қажетті институттық және құқықтық базамыз бар. Өзара тиімді талаптарға сай қызмет көрсету нарықтарына тікелей әрі кедергісіз қолжетімділікті кеңейтуге, бірлескен өндірістерді іске қосуға, негізгі салалардағы кооперациялық байланыстарды күшейтуге баса мән беру керек деп санаймыз. Инвестиция тарту, көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану, цифрлық шешімдер енгізу және өңірлердің тең дәрежелі

байланыстарын дамыту басымдықтардың қатарында болуға тиіс. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсімін қамтамасыз етудің мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз. Мұны келесі жылы сәуір айында БҰҰ аясында Астанада өтетін халықаралық форум алаңында ұйымдастыруға болады. Жиын қауіпсіздік пен дамудың қазіргі сын-қатерлерінің себеп-салдарын зерделеуге арналады. Осылайша, ТМД-ның жетекші сарапшылары қазіргі уақыттың қиын проблемаларын шешуге үлес қоса алар еді. 2026 жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органына төрағалық етеді. Еліміздің төрағалығы аясында бірқатар маңызды іс-шара жоспарланған, соның ішінде Еуразиялық экономикалық форум ұйымдастырылмақ. Орайлы сәтті пайдаланып, құрметті әріптестерімді, сондай-ақ ТМД елдері өкілдерінің мүшелері мен бизнес өкілдерін форум жұмысына белсенді қатысуға шақырамын. Аталған алаңда елдерімізге қатысты ортақ мәселелер қарастырылатынын ескере отырып, оған ЕАЭО мен ТМД-ның бірлескен іс-шарасы мәртебесін беруді қарастыруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент белсенді жұмыс істейтін көлік дәліздері табысты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кепілі екенін атап өтті. Біздің аймақ Еуропа мен Азияны жалғап, жаһандық көлік-логистика жүйесінде ерекше рөл атқарып келеді.

– «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі ТМД мемлекеттері үшін Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» бастамасы мен Транскаспий бағдары Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасымен ұштасып, ТМД аумағын Еуразиядағы тоғыз жолдың торабына айналдырады. Өңіріміздің транзиттік мүмкіндіктерін жақында ғана

Қазақстан аумағында іске қосылған «Достық – Мойынты» теміржол желісі күшейте түседі. Ол Транс-Қазақстан теміржол дәлізін қалыптастырудың негізін қалайды. Бірақ мемлекеттеріміздің көлік саласындағы әлеуетін толық ашу үшін біздің алдымызда заманауи инфрақұрылым қалыптастыру міндеті тұр. Достастықтың бірыңғай цифрлық көлік-логистика картасын әзірлеуді ұсынамын. Бұл ұлттық инфрақұрылымдық жоспарларды біріктіруге және көлік байланыстарының тұтас кеңістігін жасақтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол инвестиция көлемін арттыруға жағдай жасайды. Бүгінде Қазақстан бастамашы болған ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасы бойынша жұмыстар аяқталып келеді. Жүк ағынын тиімді басқару, шығындарды төмендету және тәуекелдерді азайту үшін бұл құжатты жасанды интеллект технологияларын енгізуді көздейтін ережелермен толықтыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект мемлекеттердің орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторына айналғанына мән берді. Қазақстан мемлекеттік басқару, әлеуметтік сала мен азаматтардың тұрмыс-тіршілігін қамтитын цифрлық күн тәртібін жедел ілгерілетіп келеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды, Цифрлық кодекс бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ аталған саладағы барлық бастама мен жобаны ұлттық стратегияға біріктіретін Цифрлық Қазақстан тұжырымдамалық құжаты әзірленуде. Президент еліміз ТМД мемлекеттерімен осы саладағы ынтымақтастыққа ашық екенін мәлімдеді.

Толығырақ akorda.kz сайтында



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Астана қаласындағы Ботаникалық саябақта ерікті және белсенді жастармен бірге ағаш екті. Жалпыұлттық іс-шара аясында биыл республика аумағында 2,4 миллионға жуық көшет отырғызылған.

Мемлекет басшысы Jasyr El ұйымының белсенділерімен әңгімелесіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрген жастарға алғыс айтты – Баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл – өте қажетті жұмыс. Еліміз бен халқымыз үшін керек іс. Сондықтан Сіздерге табыс тілеймін. Істеріңіз сәтті болсын. Ең алдымен ниетіміз таза болуы керек. Отанымыз үшін қызмет етуге тиіспіз. Jasyr El ұйымының жұмысын қолдаймын. Жұмыстарыңыз өзге жастарға өнеге, олар Сіздерден үлгі алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент «Нұра» ауданындағы Greenline бульварын аралап көрді.

Аумағы 3,8 гектар болатын нысандағы жұмыстың бірінші кезеңі аяқталған. Мұнда жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге арналған жолдар, сәулеттік қалыптар және жасанды тоғандар бар.

Мемлекет басшысына Астана қаласындағы абаттандыру жұмыстары жайында мәлімет берілді.

Жеңіс Қасымбек елордада қазір 170 қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру бойынша кешенді бағдарлама іске асырылып жатқанын айтты.

Бұл жұмыстар Ботаникалық бақта, Триатлон паркінде, Ататүрік, Бейбітшілік және келісім, Президент саябақтары мен қаланың негізгі көшелерінде жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар «Мыңжылдық» аллеясын абаттандырудың тұжырымдамасы жасалды. Есіл өзенінің жағалауын реконструкциялау шаралары аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы қала инфрақұрылымын жетілдіру, тұрғындарға заманауи әрі қолайлы, экологиялық тұрғыдан таза орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде тапсырма берді.



БІЗ ТАЗА ҚАЛА ҮШІН!



Приозерск қаласында республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кең ауқымды тазалық жұмыстары ұйымдастырылды.

Іс-шараға актив басшылары, мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар, «Жас сақшы», «Жас сарбаз», «Жасыл ел» сарбаздары мен патриоттық клуб мүшелері белсене қатысты. Қатысушылар қала аумағын тұрмыстық қалдықтардан тазалап, көшелер мен саябақтарды ретке келтіріп, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізді.



«Таза Қазақстан» акциясының басты мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тұрғындарды қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, табиғатты қорғауға және өз қаласының тазалығына үлес қосуға шақыру. Осындай игі бастамалар арқылы біз өз туған өлкемізді көркейтіп, келер ұрпаққа таза әрі жайлы орта қалдыруға мүмкіндік жасаймыз. Қаламызды бірге таза ұстайық!



ЖАҢА ОЙЫН АЛАҢЫ – БАЛАЛАРҒА ТАРТУ!

Приозерск қаласының Жеңіс бульвары мекенжайында Республика күніне орай жаңа балалар ойын алаңының салтанатты ашылуы өтті.

Іс-шараға қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы, қала тұрғындары мен бүлдіршіндер қатысты. Ашылу барысында қала әкімі балалардың бос уақытын тиімді өткізуі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін осындай алаңдардың маңызы зор екенін атап өтті.

Жаңа ойын алаңы «Таза Қала» ЖШС мердігер ұйымымен 2025 жылдың маусым–қыркүйек айларында толықтай абаттандырылып, 730 м² тартан төсемесі төселіп, 9 заманауи ойын элементі орнатылды. Алаңдағы ең үлкен нысан — ұзындығы 9 метрлік «Карнавал Шапито» элементі.

Іс-шара барысында спорттық жарыстар ұйымдастырылып, белсенді қатысушылар марапатталды. Қала тұрғындары мен ата-аналар өз ризашылықтарын білдіріп, балалар үшін жасалған бұл игі істі жоғары бағалады.

Балаларға арналған көңілді ойындар ойнатылып, тәтті сыйлықтар таратылды.

Қала әкімдігі тұрғындарды ойын алаңдарын ұқыпты пайдаланып, аула тазалығын сақтауға шақырады.

Республика күні құтты болсын!

БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ КҮЛКІСІ – ҚАЛАМЫЗДЫҢ КӨРКІ!

Приозерск қаласының әкімдігі

В ПРИОЗЕРСКЕ ОТКРЫЛАСЬ ДЕТСКАЯ ИГРОВАЯ ПЛОЩАДКА

В городе Приозерск, по адресу бульвар Женис, состоялось торжественное открытие новой детской игровой площадки, приуроченное к Дню Республики.

В мероприятии приняли участие аким города Ахметов Мансур Талгатович, жители и маленькие горожане. В своём выступлении аким отметил, что создание безопасных и современных мест для отдыха детей — одно из важнейших направлений в благоустройстве города.

Новая площадка была благоустроена подрядной организацией «Таза Qala» в июне–сентябре 2025 года. Территория площадью 730 м² покрыта тартановым покрытием, установлено 9 современных игровых элементов, среди которых — самый крупный элемент города длиной 9 метров «Карнавал Шапито».

В рамках мероприятия прошли спортивные состязания, активные участники были награждены. Жители и родители выразили благодарность за внимание к подрастающему поколению и создание комфортных условий для отдыха.

Для детей были организованы весёлые игры и развлечения, вручены сладкие подарки.

Акимат города призвал жителей бережно относиться к установленному оборудованию и сохранять чистоту во дворах.

С Днём Республики! Пусть детский смех наполняет наш город радостью и теплом!

Акимат города Приозерск

“ЖАСТАРДЫҢ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ”

Қазіргі таңда қоғамның тұрақтылығы мен дамуының маңызды тіректерінің бірі – зайырлылық қағидаты. Зайырлылық – бұл мемлекеттің діннен бөлінуін ғана емес, сонымен қатар әр азаматтың ар-ождан, сенім және көзқарас еркіндігіне құрметпен қарауды білдіретін құндылық. Сондықтан жастардың осы қағиданы дұрыс түсінуі мен оны өмірде ұстануы – Қазақстанның болашағы үшін аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жастардың зайырлылық туралы түсінігі әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Кейбір жастар зайырлылықты дінсіздік деп қате түсінеді. Ал шын мәнінде зайырлылық – дінге қарсы ұстаным емес, қайта дін мен мемлекеттің өзара шекарасын айқындап, әр азаматтың діни сеніміне құрметпен қарауды қамтамасыз ететін құқықтық және мәдени негіз. Бұл ұстаным жастардың дүниетанымында төзімділік, сыйластық, өзге пікірге құрмет сияқты қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі жаһандану дәуірінде жастар әлеуметтік желілер мен түрлі ақпарат көздері арқылы сан түрлі идеологиялық және діни ағымдардың ықпалына түсіп жатады. Сол себепті олардың зайырлылықты дұрыс түсінуі үшін ақпараттық, тәрбиелік және білім беру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуы қажет. Сонымен қатар жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру да зайырлылық мәдениетін қалыптастырудың тиімді тетігі болып табылады. Әр жас азамат өз құқықтары мен міндеттерін, діни және азаматтық еркіндіктің заңмен қалай реттелетінін білуі тиіс. Бұл олардың радикалды, деструктивті ағымдардың ықпалынан қорғануына көмектеседі. Зайырлылықты дамыту жолдарының бірі – отбасы тәрбиесі. Себебі рухани-адамгершілік құндылықтар ең алдымен отбасында қалыптасады. Ата-аналар балаларға төзімділік, сыйластық, ашық ойлау мәдениетін үйретуі керек. Сонымен қатар жастар ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктердің атқаратын рөлі де зор. Олар зайырлылықтың мәнін түсіндіретін, толеранттылық пен мәдени әртүрлілікті насихаттайтын түрлі іс-шаралар, пікірталастар, форумдар өткізе алады. Мемлекеттік құрылымдар мен БАҚ та жастардың зайырлы дүниетанымын қалыптастыруда үлкен әсерге ие. Телебағдарламалар, әлеуметтік желілер мен ақпараттық жобалар арқылы зайырлылықты қоғамның іргелі құндылығы ретінде насихаттау қажет. Әсіресе, дін мен дәстүрдің өзара үйлесімділігін, ұлттық мәдениет пен зайырлылықтың қатар өмір сүре алатынын көрсету маңызды. Қорытындылай келе, зайырлылық – қоғамның тұрақтылығы мен келісімінің кепілі. Жастардың зайырлылықты терең түсініп, оны өмірлік ұстаным ретінде қабылдауы – Қазақстанның болашағының жарқын болуының басты шарты. Бұл бағытта мемлекет, білім беру мекемелері, отбасы және қоғам бірлесе әрекет етуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ дін мен мемлекеттің арақатынасын дұрыс ұғынып, саналы, толерантты және азаматтық жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасады.

Айтбенбетов О.

АТТ мүшесі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Қозғаныс министірлігі Қару жарақ басқармасы 60601 әскери бөлімі Приозерск гарнизонынан Алматы Облысы Іле ауданы Ақсай ауылына көшуін хабарлайды.

ҚР Қозғаныс министірлігінің 60601 әскери бөлімі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Войсковая часть 60601 Управления начальника вооружения Министерства обороны Республики Казахстан уведомляет о том что передислоцируется с Приозерского гарнизона в Алматинскую область, Илийский район, село Аксай.

**Войсковая часть 60601
Министерства обороны РК**



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

48 ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ҚАЗАНДЫҚТАҒЫ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еңбек адамының қоғамдағы орнын ерекше атап өтіп, оны ел дамуының негізгі \ қозғаушы күші ретінде бағалады. Осындай өз ісіне адал, кәсіби біліктілігімен танылған мамандардың бірі – Приозерск қаласындағы №1 қазандықтың бастығы Өмір Жұматаев. Ол – жылдар бойы тұрғындарды жылумен үздіксіз қамтамасыз етіп келе жатқан маңызды нысанның жұмысын жүйелі ұйымдастырып, ұжымды ортақ мақсат жолында біріктіре білген іскер басшы. Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан Кейіпкеріміз Өмір Жүзбайұлы 1960 жылы көне де қасиетті топырақ – Өзбекстан Республикасының Бухара облысы, Газли қаласында дүниеге келген. Бұл – тағдырдың бұйрығымен талай қазақтың кіндік қаны тамған, жастығының куәсі болған мекен. 1968 жылы ол тұңғыш рет білім ордасының табалдырығын аттап, қолына қалам ұстап, үлкен өмір жолына алғашқы қадам жасады. Бұл – СССР-дың 50 жылдығы атындағы мектеп болатын. Сол мектептің қарапайым партасында отырған зерек бала күндердің бір күнінде елге адал қызмет ететін абзал азаматқа айналарын ол кезде ойламаса керек. Жас жігіттің ғылым мен техниканы игеруге деген ынтасы оны Бухара газ өнеркәсібі техникумына жетеледі. Онда «Қозғалтқыш құрылысы» мамандығы бойынша терең білім алып, «техник-механик» біліктілігін иелен-

дары еңбек пен адалдық екенін жастайынан айқындаған Өмір Жүзбайұлы ерте жастан қолына құрал алып, өндіріс пен шаруашылықтың ыстығы мен суығына төзе жүріп, үлкен жолдың жүгін арқалады. 1978 жылдан бастап, ел игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп келеді. Әсіресе, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы елеулі еңбегі оның есімін абырой тұғырына шығара түсті. 1995 жылы Приозерск қаласына қоныс аударған. 1995 жылдың қыркүйегінен 2002 жылдың маусым айына дейін қазандықта 3-сыныпты жүргізуші болып қызмет атқарып, алғашқы еңбек баспалдағына табан тіреген ол, өз ісіне деген ыждағаттылығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында әріптестері мен басшылықтың сеніміне ие болды. 2004 жылдың тамызынан 2006 жыл-

дың ақпанына дейін – ағын суларды айдау маманы ретінде жұмыс істеп, инженерлік саланың күрделі де жауапты тұстарын меңгерді. Ал, 2007 жылдың тамызынан 2009 жылдың қыркүйегіне дейін автокөлік қызметінің бастығы ретінде де ауқымды жұмыстар атқарып, басқарушылық қабілетін дәлелдеді. 2009 жылдың қыркүйегінен бастап ол Приозерск қаласындағы №1 қазандықтың бастығы қызметіне тағайындалып, осы лауазымда бүгінгі күнге дейін табан аудармай қызмет етіп келеді. Жауапкершілігі мол бұл салада ол өзінің тиянақты ісімен, іскерлігімен, адами болмысымен ел сеніміне ие болып отыр. – Осы жылдар ішінде №1 қазандықта көп нәрсе өзгерді ғой... Мен бұл жерде жұмыс істеп келе жатқанымға біраз болды, соның бәрін көзбен

көріп, жүрекпен сезіндім. Бірінші кезекте, қазандықтағы негізгі құрал-жабдықтар толық жаңартылды. Бұрын қолмен атқаратын талай істі қазір заманауи автоматтандырылған басқару жүйелері өзі-ақ тындырып жатыр. Бұл – тек жұмысымызды жеңілдетіп қана қоймай, қауіпсіздігіміз үшін де үлкен қадам болды. Жалпы, еңбек қауіпсіздігіне соңғы жылдары ерекше назар аударыла бастады. Өрт қауіпсіздігі болсын, жабдықтарды уақытылы тексеру болсын – бәрі қатаң бақылауда. Мұның бәрі біздің амандығымыз үшін жасалып жатыр. Тағы бір қуантағыны – жаңа технологиялардың енгізілуі. Өндірістік процестер толықтай автоматтандырылды десем де болады. Бұл жаңашылдыққа алғашында үйренісу оңай болмады, әрине, бірақ үйрендік, меңгердік, – дейді Өмір Жүзбайұлы.

Кейіпкеріміздің қарапайым жұмысшыдан басшылық лауазымға дейінгі еңбек жолы – жас мамандарға үлгі. Өмір ағаның 48 жылға созылған еңбек жолы – төзім мен табандылықтың, ұқыптылық пен кәсібиліктің айқын көрінісі. Ел Президенті атап өткендей, ел дамуының негізі – адал еңбек. Осы тұрғыдан алғанда, Өмір Жұматаев – еңбек жолын даңқпен өрнектеген, маңдай тердің, адал ниеттің, табанды қызметтің нақты үлгісі деуге толық негіз бар.

*Нұрдоғ КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»*

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ОЙШЫЛЫ ҰЛЫ ОЙШЫЛ ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИҒА – 1005 ЖЫЛ

Биыл түркі халықтарының көрнекті ақыны, ойшылы, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнның туғанына 1005 жыл толып отыр. Ортағасырлық түркі өркениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғұламаның мұрасы – барша түркі жұртына ортақ рухани қазына. Жүсіп Баласағұни шамамен 1015 жылы Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында дүниеге келген. Заманында білім мен ғылымға ден қойған ол араб, парсы және түркі тілдерін жетік меңгеріп, түрлі ғылым салаларынан мол мағлұмат алған. Ғұлама өзінің кемел ойларын поэзия тілімен өрнектеп, артына өшпес мұра қалдырды. Ақынның ең атақты еңбегі – «Құтты білік» дастаны. Бұл шы-

ғарма – мемлекет басқару, қоғам өмірін ұйымдастыру, адамгершілік құндылықтар мен тәрбие мәселелеріне арналған энциклопедиялық туынды. «Құтты білікте» әділет, парасат, қанағат, білім, еңбек сынды ұғымдар кеңінен жырланып, ел бірлігін сақтау мен халықты әділ басқарудың қағидалары көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, Жүсіп Баласағұнның еңбегі түркі халықтарының саяси-философиялық ойлау жүйесінің озық үлгісі саналады. Ғалымдар бұл дастанды «Ортағасырдағы түркі Ренессансының жемісі» деп бағалайды. Себебі, шығармада сол дәуірдің мәдениеті мен дүниетанымы көрініс тауып, түркі жұртының өркениеттік болмысы айқын сипатталған.

Жүсіп Баласағұнның өмір жолы мен шығармашылығы – әділдікке, білімге, еңбекқорлыққа үндейтін тағылымды өнеге. Оның идеялары бүгінгі күнде де өз маңызын жойған жоқ. Әсіресе, жас ұрпақты парасаттылыққа, елжандылыққа тәрбиелеуде бұл мұраның орны ерекше. 2025 жылдың 9 қазан күні кітапханада мектеп оқушыларының қатысуымен ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнның туғанына 1005 жыл толуына орай «Түркі дүниесінің ойшылы» атты тарихи-тұлғатану сағаты өткізілді. Мақсаты: ұлы ойшыл, ақын, ғалым Жүсіп Баласағұнның өмірі мен шығармашылығын таныту, оның адамгершілік, білім, әділдік пен ізгілік туралы идеяларын насихаттау.

Іс-шара барысында кітапханашы Жүсіп Баласағұнның өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет айтып, Баласағұнның идеяларының қазіргі замандағы маңызын түсіндіріп өтті.

«Түркі дүниесінің ойшылы» атты кітап көрмесіне шолу жасалады.

Ұлы ойшылдың 1005 жылдық мерейтойын атап өту – тарихқа тағзым ғана емес, болашаққа бағдар. Баласағұнның ғибратты ғұмыры мен рухани мұрасы елдің мәдени-рухани дамуына қызмет ете бермек.

*Оқу бөлімінің
кітапханашысы
Болысбек Ұ.*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №41/171, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.